

9. Кенжемұратова С.К. Мақал-мәтелдердің синтаксисі. Кандидаттық диссертация авторефераты. Астана, 2002.
10. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. Алматы, 1967.

ӘОЖ 821.512.122

«КИТАБ ӘЛ-ИДРАК ЛИ-ЛИСАНИ ӘЛ-АТРАК» ЖИНАҒЫНЫҢ КӨШІРМЕЛЕРІ

Наргиз ТОРЖАНОВА

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің 2-курс магистранты,

n.secsenbaeva1@gmail.com

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – PhD докторы, доцент Қ.К. Кенжалин

Тарихи жазба ескерткіштер тіліне лингвистикалық тұрғыда талдаулар жүргізу тарихи тіл білімі үшін маңызды. Тілдің даму мен қалыптасуын дәуірлеу мәселесінде тарихи мұраларды ғылыми тұрғыда зерделеу қашан да өзекті. Сондай жазба мұралардың бірі ескі қыпшақ тілі мұрасы ретінде танылып жүрген «Китаб Әл-Идрок ли-лисани әл-Атрак» еңбегі. Аталмыш жинақ 1312 жылы Каирде Гырнаталы танымал тіл білімінің ғалымы Есируд-Дин Әбу Хайян Мұхаммед бин Юсуф бин Али бин Юсуф бин Хайян тарапынан Мәмлүктердің Мысырға үстемдік еткен кезеңінде (1250-1517), жергілікті арабтарға аймақтың басым күшіне айналған түріктердің тілін үйрету және түсіндіруге арналған араб тілінде дайындалған. Тарихи еңбектің авторы араб ғалымы Әбу Хайян шығарманы Мысырдың Каир қаласында 1312 жылдың жазған. Автордың өзі алғы сөзінде атап өткендей, еңбек классикалық тіл кітаптарының ережесіне сәйкес лүгат (сөздік), сарф (морфология) және нахив (синтаксис) бөлімдерінен тұрады. Алайда нұсқаларында еңбек екі бөлімге лүгат (сөздік) және тасриф (грамматика) бөлінген.

Мәмлүк Қыпшақ саласының ең маңызды еңбектерінің бірі «Китаб Әл-Идрок ли-лисани әл-Атрак» екені тарихтан белгілі. Зерттеу мақалада осы еңбекті қазіргі таңдағы нұсқаларына қарай жалпы бағалауға және нұсқалар арасындағы айырмашылықтарға мысалдар келтіре отырып нұсқалардың қысқаша таныстырылымын жасауға тырыстық. Еңбектің түпнұсқасы сақталмаған. Еңбектің біз білетін үш нұсқасы бар. Бұл нұсқалар:

1. Валийүддин Әфенди (Баязиттің жазба еңбектері кітапханасы) нұсқасы (V): Бұл нұсқа жинақ жазылғаннан кейін шамамен 23 жыл өткен соң 1335 жылы көшіріліп жазылған. Стамбұлдағы Баязит жазба еңбектері кітапханасының Валийүддин Әфенди бөлімінде 2896 нөмірімен тіркелген. Бұл нұсқаның қай жерде көшірілгендігі белгісіз. Еңбек 32 (лүгат) + 33 (сарф+нахив) парақтан тұрады. Парақтың өлшемі 260x175, жазылған бөлігінің өлшемі 190x110. Кейбір парақтарынан басқасы сүлүс (араб көркем жазу түрі) жазу стилінде жазылған [1:54].

2. Дарул фүнун (Стамбұл университеті кітапханасы) нұсқасы (D). Кітапхананың араб тіліндегі жазбалар бөлімінде 3856 нөмірлі болып тіркелген бұл нұсқа Жамад Аль-аввал 805 (1402 жыл 30 қараша) жылында Ахмед Ибни Шафи атты кісі тарапынан Латакияда көшіріп жазылған. Парақ көлемі 21x15, жазылған бөлігінің өлшемі 13x9 см. 46 (лүгат) + 51 (сарф + нахив) парақтан тұратын еңбек 15 бетті құрайды [1:59].

3. Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) нұсқасы (K). Біздің білуімізше әлі күнге дейін түрік тілінде қандай да болсын бір ғылыми еңбекте қолданылмаған бұл нұсқа Мысырдың Каир қаласындағы *Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия* (Ұлттық құжаттар кітапханасы) атты кітапханасында сақтаулы. Бұл нұсқаның қай жерде көшірілгендігі белгісіз. Алайда еңбектің соңында авторының Ахмет Касиф екендігі жазылған. Валийүддин Әфенди (V) нұсқасына қатты

ұқсастығы бар бұл нұсқа 39 (лүгат) + 42 (сарф+ нахив) парақтан тұрады. Лүгат бөлігі 16 жолдан, тасриф бөлігі 19 жолдан тұрады. Еңбектің лүгат бөлігі қысқартылған. Аталған бөлім «ламлы кеф» бөлімінің жартысында аяқталған [2:111].

Жазба еңбектің нұсқаларындағы кіріспе мен алғы сөздердің берілуінде белгілі бір деңгейде айырмашылықтар бар.

Валийүддин Әфенди (V) нұсқасы және Дарул фүнун (D) нұсқаларында еңбектің атауы жазылған мұқабасы бар. Алайда K нұсқасының мұқабасы жоқ.

Кіріспе бөлімі барлық нұсқаларында барлығында бірдей «бісмиллә» сөзімен басталған. «Бісмилләдан» кейін дұға, тілек берілген. Валийүддин Әфенди (V) және Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқаларындағы дұға, тілектер бірдей (بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِیْمِ = *O Kәрім раббым, көмектес!*), ал Дарул фүнун (D) нұсқасында басқаша берілгендігін (*Раббым, жеңілдігін бере гәр!*) көруге болады [2:76]. Кіріспе бөлімінен үш нұсқаның да көшірілген мәтін екендігі және де түпнұсқа мәтіннен емес көшірме мәтіннен көшірілгендігі байқалады. Өйткені автордың сөздері берілетіні туралы алғашқы тіркестер автордың ерекшеліктерімен байланысты айырмашылықтардан басқасы бірдей болып келеді. Таныстыру және авторға дұға, тілектен кейін түпнұсқадан көшірілген бөліктері басталады. Валийүддин Әфенди нұсқасы (V) және K нұсқасының кіріспе бөлімінде үлкен ұқсастықтар бар, ал Дарул фүнун (D) нұсқасында сөздің дұрыс жазылмауы немесе толық жазылмауы, еңбектің атауының толық жазылмауы сияқты төрт-бес қате байқалады.

«Китаб Әл-Идрак ли-лисани әл-Атрак» еңбегінің мәтінінде шартты түрде «Бағыттаушы әріптер» көрсетілген. Жұмыстың кіріспесінде автордың сөздердің нақты айтылуын анықтау үшін көп еңбектенгені анық көрінеді және әріп тұрғысынан да, хареке (келте дауысты дыбыстарды білдіру үшін қолданылатын белгі тұрғысынан да бір формада кездесе оның қате екендігін ұстанудан тартынбайды. Міне, осы ұстанымын қолдау үшін автор еңбегінің «лүгат» бөлімінде сөздермен бірге бірнеше нұсқаулықтар (бағыттаушы әріптер) қолданғандығын атап өткен. Бұл нұсқаулықтар келесі бес әріптен тұрады: «te» (ت), «hı» (خ), «шын» (ش), «fe» (ف), «kaf» (ق). Бұл әріптер мына араб тіліндегі сөздердің қысқартылған түрі: *turkmāniyyun, mufahham, meşüb, fursiyy, murakkak*. Екеуі сөздің түбірін, үшеуі дыбыстық ерекшеліктерін көрсету үшін қолданылған. Бұл әріптер нұсқалардағы қолданыстарынан да көрініп тұрғандай, түрік сөздерінің соңында, сәл жолдың жоғары жағына қарай орын алған және бұл әріптер де түрік тіліндегі сөздер сияқты қызыл сиямен жазылған. Қыпшақ тілі және басқа кейбір диалектілер мен тілдерден - Тоқсуба, Түркістан, Ұйғыр, Булгар, Араб – екендігі айтылған азын аулақ сөздерге қандайда бір белгі берілмеген. Олар мәтін ішінде жазбаша берілген. Тіпті, түркімен сөздері, оларға қойылған белгіден (ت) әлдеқайда көп (45) сөйлем ішінде берілген. Қыпшақ сөздері шамамен 70 мақала сөздікте осы түрде кездеседі [3:231]. Бізде тарихи еңбектің түпнұсқасы болмағандықтан, автордың тәжірибеде өз міндетін іс жүзінде қаншалықты жүзеге асырғандығын анықтау біраз қиындық тудырады.

«Бағыттаушы әріптер» мәселесіндегі ең қатаң талап Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында байқалады. Бұл нұсқада әріптер шамамен 200 жерде қолданылған. Бұл әріптер нұсқаның түсініктемелерге толы болуына байланысты көптеген жерлерде басқа әріптермен араласып кеткендігі байқалады. Өйткені, көшірме сілтемелермен толтырылған. Кейде бағыттаушы әріптердің кіші немесе қысқартылған емлесі де мұны күрделендіре түседі.

Дарул фүнун (D) нұсқасындағы бағыттаушы әріптерді қолжазбаны жазушы Валийүддин Әфенди (V) нұсқасына қарағанда өте аз және ретсіз қарастырған және қателерден көрініп тұрғандай қолжазбаны көшіріп жазушы еңбектің логикасын да толық түсінбеген. Бағыттаушы әріптер кейде сөз ретінде саналған (D3b), кейде бір-біріне ұқсатылған (D4a), кейде көшірілген нұсқада болса да еленбей қалған. Әріптерден көбінесе «hı» (خ) қарастырылған. Алайда оның да нүктесіз, қысқартылған формасы қолданылған. «Шын» (ش) әрпі де кейбір бөлімдерде кездеседі.

Алайда ол да ретсіз. Бірінен кейін бірі келетін кейбір бөлімдерде бірінде кездессе, бірінде кездеспейтіндігін байқауға болады. «Kaf» (ق) әрпі екі жерде (d4a) «fe» (ف) саналып кеткен, бір жерде (d9a) сөз ретінде саналып бірге жазылған, тек қана екі жерде әдіске сәйкес дұрыс жазылған. «Te» (ت) әрпі бір жерде сөз (D24a) ретінде саналған, ал бір жерде басқа нұсқалардан өзгеше бағыттаушы әріп ретінде қолданылған. «Fe» (ف) әрпіне ешқандай мысал берілмеген. Ал Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (К) нұсқасында бағыттаушы әріптер тек бір немесе екі жерде қолданылған және де олардың біреуінде сөз ретінде саналып (K9) бірге жазылған [3:117].

Нұсқалардан байқайтынымыз – түпнұсқада тақырыптың басында, араб тіліндегі бөлім атауларында, түрік сөздерінде және бағыттаушы әріптерде қызыл сия қолданылған. Негізінен Дарул фүнун (D) нұсқасындағы кейбір сөздердегі тостағанды әріптердің тостаған сызықтары қызыл сиямен, кейіннен сызу арқылы белгіленген. Олардың кейбіреуі ұмытылып кейіннен барып қосылған болуы керек. Алайда тостағандардың көшіріп жазушы тарапынан кеңінен қолданған мысалдарына қарап бұл жолды тезірек жазу үшін ұстанған десек те болады. Классикалық сөздіктерде қолданылатын сөздің үстінің қызыл сиямен сызылуы Дарул фүнун (D) нұсқасының тасриф бөлімінен басқа жерде қолданылмаған сияқты. Нұсқалардың ішінде байытылған нұсқа – Валийүддин Әфенди (V) нұсқасы. Бұл нұсқа жан-жақты, ретті берілген. Дарул фүнун (D) нұсқасындағы лүгат бөлімі Валийүддин Әфенди (V) нұсқасына реті және дәлдігі жағынан сәйкес келеді. Нұсқаның тасриф бөлімінде мұндай реттілік байқалмайды. Бұл бөлімде сөйлем талдаулары кездесетіндіктен олардың мәтін ішінен таңдалынып белгіленуі білім мен қатаң талапты қажет етеді. Валийүддин Әфенди (V) нұсқасының бұл бөлімінде де кемшіліктер анағұрлым көбірек кездеседі. Дарул фүнун (D) нұсқасында көшіріп жазушы бұл әдістен хабары аз болғандықтан басты тақырыптарды қызыл түспен жазған. Ал қалған бөліктерінде кейбір ерекшеліктерді қоспағанда сөздердің үстін сызу арқылы берген. Бұл ретте де ол әдістің мәнін түсінбей жасағанға ұқсайды. Өйткені түрік сөздері және тақырып атаулары қызыл сиямен жазылған. Кейіннен «және» сөзімен басталатын барлық араб сөз тіркестерінің үстін сызған, түрік сөздерін сызбастан сол қалпында қалдырған.

Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (К) нұсқасы бұл мәселеде Валийүддин Әфенди (V) нұсқасымен ұқсастыққа ие. Екі нұсқа арасындағы осы мәселеде қателіктер болса да, ортақ тұстары көңіл аудартады. Алайда, Валийүддин Әфенди (V) нұсқасындағы тиянақтылық Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (К) нұсқасында байқалмайды.

Тарихи еңбекте түрік тіліндегі дыбыстардың да берілуі түрліше формада көрінеді. Әбу Хайяның еңбегінің «тасриф» (грамматика) бөлімінде автор «Бір сөзде осы әріптерден басқа әріптер кездессе ол сөз түрік тілінде емес екендігін білуіміз керек. Керісінше басқа тілдерден түрік тіліне енген» дей отырып түрік тілінің 23 әрпін келесідей атап өткен:

гемзе (ا), halis ba (ب), аралас ба (ب), те (ت), халис джим (ج), аралас чим (چ), дал (د), ра (ر), зе (ز), син (س), шын (ش), сад (ص), ты (ط), айын (غ), халис кеф (ك), бедеви кефи і (گ), лам (ك), мим (م), халис нун (ن), гениз нуну (ڭ), вав (و), йа]4:221[ی.

Еңбектің сөздік бөлімі әліпбиге негізделген реттілікпен берілген. Реестр сөздер де, сөздік ұя да кезекке бағынған. Сөздік ұя да әліпби кезегі бойынша берілген «заманауи» сөздік басқа Қыпшақ сөздіктерінде кездеспейді. Араб тілінде емес түрік тілінде кездесетін дыбыстардың берілуінде де жоғарыдағы әліпби кезегі сақталған. ç/ч/ әрпіне «ба» бөлімінде; g/г/ (گ) әрпіне хемзе, «ба» және «син» әріптерінде, назал (мұрын жолды) /п/ (ڭ) дыбысына хемзе, «син» (Дарул фүнун (D) нұсқасында жоқ), «ты» және «йа» бөлімдерінде реестр сөз жаңа жолдан жазылған. р/п/ (پ) әрпіне арналған жол жоқ. «балы дал» жолындағы барлық бөлімдер р/п/дыбысты болғанына қарамастан бұл мәселе аталынып өтпеген. Аралық бөлімдер ішінде аталған әріптер берілген жерлерде көбіне бағыттаушы әріптер қолданылған. Кейбір жерлерде аталған әріптердің қалай оқылатыны араб тілінде берілген [4:231]. Осы жазбалардан түпнұсқаның қандай формаға

ие болғандығына байланысты нақты болмаса да мәліметтерге ие бола аламыз. Өйткені жоғарыда атап өтілген нұсқалар арасында үйлесімділік бар.

Еңбектегі каллиграфия мен емле ерекшеліктері де белгілі бір реттілікті байқатады. Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында әр екі бөлім де 23 жолдан тұрады. Бет пен жолдың орналасуына назар аударып отырылып сүлүс стиліндегі жазумен жазылған нұсқада сулүс стилінде жазылған нұсқаның лүгат бөлігі мұқият жазылған деп айта аламыз. Екі бөлімде де түрік сөздері мен атауларына көбірек көңіл бөлінген. Бет санының ретіне және жазуға ең көп маңыз берілген бұл нұсқаның екі бөлігі де кейінірек қосылған парақтың орналасуы мен хаттың көп бөлігіндегі кейінірек қосқан сілтемелермен күрделендіре түскен. Араб-түрік сөздігі және грамматикалық мәтіндерден тұратын бұл сілтемелер тасриф бөлімінде негізінен беттің шеттеріне жазылған. Бұл сілтеме мәтіндері сөздікте қарастырылған әріпке арналған мысал мәтіндер, ал тасрифте қарастырылған мәселеге сай талқылауларды құрайды. Килистік Муаллим Рыфаттың айтуынша, бұл мәтіндердің дереккөзі белгісіз. Лүгат бөлімінің сілтемесімен байланысты Велет Избудактың еңбегі (Избудак, 1989) бізге белгілі. Алайда, біздің білуімізше «тасриф» бөліміндегі сілетмеге байланысты зерттеулер жоқ.

Дарул фүнун (D) нұсқасы сүлүс емес, несих стиліндегі жазумен жазылған. Алайда жазба Валийүддин Әфенди (V) нұсқасы сияқты жақсы жазылмаған. 15 жолдан тұратын екі бөлімді бір адам жазған деп айта аламыз. Қызыл сиямен жазылған бөліктері мұқият жазылған.

Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасы *қате несих* саналатын жазумен жазылған. Лүгат бөлімі 16, тасриф бөлімі 19 жолдан тұратын бұл жазбаны да бір қолдан шыққан деп айта аламыз. Алайда лүгат бөлімі басқасына қарағанда мұқияттау жазылған. Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасында сілтеме жоқ. Дегенмен Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында сілтеменің кейбір белгілері кездеседі. Оларға төменде тоқталатын боламыз. Емле ерекшеліктері тұрғысынан келесі жағдайлармен байланыстыруға болады:

Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында түрік сөздерінің алғашқы әріптерінде кейде хемзе, кейде елиф қолданылады. Алайда біз мұны маңызды деп ойламаймыз. Өйткені жуан, жіңішке, еріндік, езулік дыбыстарға да хемзенің қолданылғандығына байланысты мысалдар бар. Мұндай қолданыс Дарул фүнун (D) нұсқасында жоқ, бірақ Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасында ішінара кездеседі. Алайда Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасындағы қолданыс Валийүддин Әфенди (V) нұсқасына еліктеуден туындаған деп айта аламыз. Ұқсас жағдай сөздердің соңындағы «уа» дыбыстарында байқалады. Дарул фүнун (D) нұсқасында «уа» дыбыстары көбіне нүктелі жазылса, Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында нүктелі жазылғандар салыстырмалы түрде алғанда аз кездеседі, ал Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасындағы аталған мәселе Валийүддин Әфенди (V) нұсқасымен ұқсастық көрсететіндігін байқауға болады.

Түрік тіліндегі сөздердің емлесінде Валийүддин Әфенди (V) және Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқалары арасында сәйкестік байқалады. Сәйкессіздік бар жерлер ұмыт қалдыру, сөзді тастап кету сияқты көшірмешінің қатесінен болуы мүмкін немесе Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында белгіленбеген, толықтырылмаған әріптердің, мысалы, -kef әрпінің жоғарғы сызығының көптеген жерлерде қойылмауы немесе дұрыс оқылмаған жерлерін қолжазбаны көшірушінің өзі жазуына байланысты болуы мүмкін екендігі аталуда.

Ал Дарул фүнун (D) нұсқасының басқа нұсқалардан белгілері жағынан да, дауысты дыбыстардың көрсетілуі жағынан да, қолданылған әріптер жағынан да маңызды айырмашылықтары бар. Басқаларына қарағанда дұрыс нұсқа Валийүддин Әфенди (V) нұсқасы болып келеді. Дарул фүнун (D) нұсқасындағы қателер түрік тілін дұрыс білмеуден, ұқсату арқылы басқа бір сөз жазудың нәтижесінен пайда болған сияқты көрінеді. Мысалы, өзгелік мағынасында қолданылған шедденің (Араб жазуында дауыссыздың екі рет оқылуы керектігіне білдіртін әріптің үстіне қойылған белгі) *-katti, dürtti, -yatti* т.б. Дарул фүнун (D) нұсқасында

көбіне қарастырылмауы қолжазбаны көшірушінің жұмыс барысында жіберген олқылығын көрсетеді. Белгілеу немесе дауыстылардың жазылуы сияқты айырмашылықтардан туындаған әртүрлі айтылулар -*V: temir/D: temür, V: düzüm / D: dizim, V: didi / D: dedi V: nice / D: nece, V: kızdırdı / D: kızdurdı V: yedirdi / D: yedürdi V: düzdi / D: dizdi m.б.*; [5:89] «kim» шылауының толығымен «уа»(йа) жазылуы сияқты мәселелер де қолжазбаны көшірушіге таныс сөйлеу формасында немесе емлеге байланысты мағына білдірген деген ойдамыз.

Нұсқалар арасында араб және түрік тілдеріндегі мәтіндердің дәлдігі тұрғысынан түпнұсқаға ең жақын нұсқаның Валийүддин Әфенди (V) нұсқасы екендігі айтылады. Мәтінді жазу кезінде толықтырылмаған кейбір реестр сөздер мен тіркестер -*buğday, buluş, çatuldi, çırlak, çımak, egir, egirdi, ögridi, men, sizdi, süzme, tüzeldi, tutkun, yalğaşladı* кейіннен сілтемеге сол қатесімен қосылып жазылған. Дарул фүнун (D) нұсқасындағы кейбір бөлімдердің -*ügü, бүker, kiş, terledi, kermen m.б.* Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында, сонымен қатар Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасында орын алуы қалыпты жәйт. Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасымен байланысты бұл жерде мән беретін маңызды мәселе Валийүддин Әфенди (V) нұсқасындағы сілтемеде кездесетін бөлімдер мен тіркестер Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасында мүлдем кездеспейді.

Дарул фүнун (D) нұсқасының мәтіндік қасиеттеріне сүйене отырып, келесі мәселелерді атап өткен жөн. Бұл нұсқада да Валийүддин Әфенди (V) нұсқасындағы сияқты қысқарып қалған бөлім немесе тіркестер -*atlu, atlandı, çırlak, ten, igne, ilendi* т.б. бар. Алайда бұл нұсқада бірінен кейін бірі келетін кейбір бөлімдер -*şınlı ya* бөлімінде он бес бөлім, *kefli sin*-нің соңынан *şın* әрпіне дейінгі бөлімдер т.б. толық емес. Орналасу тәртібінде аз да болса өзгешеліктер *ügridi, sekiz, toğdı, kiyiz, ketüren* т.б. бар және қысқарып қалған төрт-бес бөлімнен басқасы сілтемемен аяқталмаған. Дарул фүнун (D) нұсқасындағы айырмашылықтардың -*cas, kıptı, kütleddi* т.б. лүгат бөлімінде нақты орын алғанын көруге болады, ал тасриф бөліміндегі айырмашылықтар көбіне қате болып келеді [5:123]. Тасриф бөліміндегі түрік сөздеріндегі қателіктер, ұмытылған сөз немесе сөйлемдер, түрік сөздерінің таңбалануымен байланысты елеулі қателіктер аталған бөлімге өз көлеңкесін түсіруде.

Әбу Хайян еңбегін жазған кезде, кіріспе сөздерінен түсінгеніміздей, қандайда бір еңбекті қайталамаған. Керісінше кітаптың авторы саналады және жинақты жазған кезде керекті материалдарды өзі сенген тұлғалардан жинақтаған. Ол бұл материалды лүгат бөлімінде де, тасрифте де қолданған. «Тасриф» бөлімінде қолданылған мысалдарда кездесетін сөздердің барлығы лүгат бөліміне де тән болып келеді.

А. Жафероглуның осы еңбек туралы жазылған алғашқы кең көлемді зерттеуіндегі сөздік бөлімі 2 507 реестр сөзден тұрады. А. Жафероглуның араб тілінде жазған бөлігі 2256 реестр сөзді құрайды. Бұл айырмашылық нұсқаларға негізделіп тізбектелген араб тіліндегі сөздердің бірнеше формасын көрсететін кейбір реестр сөздердің (*sürü va sürün: kati' mina'l-ganam* [= (бағылған қандай да бір) отар], *saraca va saradur: daka ad-dabbatu va sur'atu harakatuha* [= жануардың өңі], *taraladı va tar boldı: ay zaka* [= яғни тар болды]) немесе сөздің, бөлімнің анықтама берген бөлігінде берілген түрлі формаларының (*kança barursen: ay ayna tadhabu va yukalu (kayda) va yukalu (kanda) kulluhu bi-ma'na ayna va yukalu (varursen) va bi'l-kibcaki (karu barursen) va kana asluhu (kay yerge barursen) tumma hadafa ila anna sara (karu) va ma'na (kay) ayna (yerge) al-makanu*) А. Жафероглу тарапынан бөлек реестр сөз ретінде берілгендігінен шыққан [6:97].

Нұсқалардың ең көнесі Валийүддин Әфенди (V) нұсқасы саналады. Бұл нұсқа түпнұсқадан кейін шамамен 23 жылдан кейін көшіріліп жазылған, ал Дарул фүнун (D) нұсқасы шамамен 90 жылдан кейін көшіріліп жазылған. Каир (Дарул Кутуб вал Весакил Кавмия) (K) нұсқасының көшіріліп жазылған уақыты белгісіз. V нұсқасы мен Дарул фүнун (D) нұсқасы мәтіндегі негізгі сөздер тұрғысынан көбірек ұқсастық көрсетеді. Дарул фүнун (D) нұсқасы шамамен 60 жылдан

кейін жазылғандықтан қолжазбаны көшіріп жазушы Валийүддин Әфенди (V) нұсқасын көрген, тіпті кейбір зерттеушілердің [3:276] де көңіл аударғанындай тікелей Валийүддин Әфенди (V) нұсқасынан жазып алуы мүмкін. Мұның ең маңызды дәлелі – бірнеше жерде Валийүддин Әфенди (V) нұсқасының сілтемесіндегі бөлімдердің Дарул фүнун (D) нұсқасының негізгі мәтіні ретінде берілуі. Бұл мәселені анықтау үшін нұсқалар салыстырылғанда мына жағдайлар көңіл аудартады:

Екі нұсқа арасында кіріспе бөліміндегі сөйлемдерден бастап сөз немесе кейбір сөз тіркестерінде біраз айырмашылықтар бар. Бұлардың арасында көшірмеші тарапынан жіберілген қарапайым қателер болса да оларды толығымен көшіріліп жазылған деп айта алмаймыз. Олар саналы түрде қосылған қосымшалар, азайтулар немесе өзгертулер. Мысалы, кіріспеде Әбу Хайянға тән саналатын сөз тіркестері, затбелгісіндегі бір атау да қысқартылған. Сөйлемнің соңына *-Allah ona rahmet eylesin* сөзі қосылып жазылған. Араб тіліндегі кейбір сөз тіркестері *-ilâ sebîli'r-rızvâni / ilâ sebîli's-savabi-* басқаша формада жазылған[2:89].

Валийүддин Әфенди (V) және Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (K) нұсқасы арасында Дарул фүнун (D) нұсқасына қарағанда тығыз байланыс бар. Нұсқаларды салыстырғанда мына мәселелер көңілімізді аударды:

Екі нұсқада да сөздерде, әріптерде, белгілерде, нүктелерде біраз түзетулердің орын алғанына қарамастан Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (K) нұсқасында жазу барысында жасалған және түзелтілген бірнеше жерден басқа бұлардың ешбірі жоқ. Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында кездеспейтін Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (K) нұсқасында кездесетін бірде бір сөз тіркесі жоқ. Валийүддин Әфенди (V) нұсқасының сілтемесінде кездесетін сөз тіркестерінің ешқайсысы Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (K) нұсқасының мәтініне кірмейді. Алдымен Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында болып, кейіннен үсті сызылған сөздердің кейбірі бұрынғы формасында кездеседі.

Екі нұсқа арасындағы айырмашылықтар қате оқу, қате сәйкестендіру, қате белгілеу немесе нүктелерін қою сияқты көшірушінің қателіктерінен тұрады. Кейбір айырмашылықтар көзге түсіп тұрады. Бұлар да көшірушінің өзі жазғандығын көрсетеді немесе көшірген немесе пайдаланған нұсқаның Валийүддин Әфенди (V) нұсқасында өзгеше болуына негізделеді.

Қорыта келе, «Китабу'л-Идрак ли-Лисани'л-Етрак» жинағының үш нұсқасын бір-бірімен салыстырып қарастырғанда Валийүддин Әфенди (V) нұсқасының түпнұсқаға ең жақын нұсқа екендігі; басқа нұсқалардан Дарул фүнун (D) нұсқасының авторының Валийүддин Әфенди (V) нұсқасын көрген және пайдаланған болуымен қатар еңбегін Валийүддин Әфенди (V) нұсқасынан көшірмегендігі, алайда, оған өте жақын басқа нұсқадан көшіруі мүмкін екендігі, ал Каир (Дарул Кутуб вал Весаикил Кавмия) (K) нұсқасының Валийүддин Әфенди (V) нұсқасынан көшірілгендігі, алайда көшірмешінің өзінің білімі немесе басқа да дереккөздердің әсерімен Валийүддин Әфенди (V) нұсқасынан өзгеше бірнеше қолданыстар енгізгендігі, әр нұсқада қате және қысқартулар болғандықтан еңбектің түпнұсқасын жақсы тынып білу үшін үш нұсқаның да қарастырылуы орынды болады деген ойға келдік. Аталған еңбекті лингвистикалық аспектіде қарастыру тарихи тіл білімі үшін маңызды. Ескі қыпшақ тілінде жазылған жазба ескерткіш болғандықтан, оның әр түрлі нұсқаларының болуы, олардың бірінен-бірі мазмұндық және құрылымдық жағынан айырмашылықтардың болуы әлі де болса тың зерттеулер мен салыстыру жұмыстарын талап етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Caferoğlu Ahmet. Abû Hayyân - Kitâb al-İdrâk li-lisân al-Atrâk. – İstanbul: Evkaf Matbaası, 1931. – 186 s.
2. Yusuf Doğan. Ebû Hayyân el-Endelüsî'nin Kitâbu'l-İdrâk li-lisâni'l-Etrâk Adlı Eserinin Dilbilim Açısından İncelenmesi. – Sivas: Cumhuriyet theology journal, 2016. – 348 s.

3. Özytegin, A. Melek. Ebû Hayyân Kitâbü'l-İdrâk li-lisâni'l-Etrâk Fiil: Tarihi Karşılaştırmalı Gramer ve Sözlük Denemesi. – Ankara: Köksav Yayınları, 2001. – 889 s.
4. Есбосынов Е. Ескі қыпшақ тілінің лексика-грамматикалық ерекшеліктері (Абу Хайян еңбегі бойынша, XIV ғ.).– Астана: «Ер Дәулет» баспасы, 2006. – 335 б.
5. Құрышжанов Ә. Мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған бір ескерткіш жайында // Көне Түркі Жазуларының Зерттелуі: бүгінгі мен болашағы. – Астана, 2004. 17-22 б.
6. Құрышжанов Ә., Мәженова М. Әбу Хайян – қыпшақ тілінің зерттеушісі // Білім және еңбек, № 4, 1966, 19-б.

ӘОЖ 81'36

ДІНИ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ДІНИ ТЕРМИН МӘСЕЛЕЛЕРІ

Хамзина Макпал Бектемировна

khamzina83@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ тіл білімі кафедрасының 2-курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Б.Әбдуәлиұлы

Әдетте, діни терминдер дегенде діни дискурс аясында қарастырылатын мәселелер мен діни сауат ашу мекемелері, ЖОО-лар еске түседі. Алайда ХХІ ғасырдағы заман талабы мен қазіргі кездегі рухани қажеттіліктен бас тарта алмайтынымыз хақ. Себебі әр дәуір тынысы өз талаптары мен танымын ұсынады. Барлық мәселе сол талапты орындау мен танымды қабылдауда жатыр. Осы ретте тәуелсіздік алған 30 жыл ішіндегі Қазақстан қоғамындағы егемендік пен еркіндік, діни толеранттылық рухани дүние аясын қаншалықты реттей алды, өсіп келе жатқан ұрпақтың санасы ел мүддесіне қызмет ету бағытында ма, әлде өзіндік өзгеріске ұшырауда ма, деген сұрақтар қоғам зиялыларын мазалауда. Себебі бұл мәселелер елдің болашағы мен тәуелсіздік тұғырының нық болуына қатысты.

Қазіргі кезде қоғамдағы өзгерістер танымдық процестер мен тілдік қолданыстарға өзгеше реңк беріп, кейбір тұста азаматтардың ішкі сенімсіздіктерін тудырып жатқанына қатысты ұлт зиялылары мен мемлекет билігі өз алаңдаушылығын ара-тұра баспасөз беттері мен әлеуметтік желілер арқылы білдіруде. Себебі Қазақстанда, жалпы Орта Азия аймағындағы мемлекеттер үшін ислам діні тек отбасылық, тұрмыстық өмірге ғана емес, сонымен қатар жалпы қоғамдық өмірге де араласуда. Оған қоса бүкілдүниежүзілік жаһандану үдерісі де заман ағымына өз талаптарын ұсынуда. Бұның басты себептерінің бірі – ол қоғамдық өмірге белсене араласушы тұлғалардың танымдық түсініктеріне тікелей байланысты екені анық. Өйткені қоғам адам талғамы, іс-әрекетінен тыс өмір сүрмейді, қайта керісінше, сол қоғамды жекелеген тұлғалар, тұлға ретінде соңынан топ ерте аларлық көшбасшылар бағыттап, алға жылжып отырады. Бұл философиялық таным түсінігі мінберінен өз талдауы мен сараптамасын алып та отыр. Сондықтан адамзаттың даму үдерісінде мемлекет ретінде жұтылып кету қаупінің алдын алу, Қазақстан қоғамындағы ымыралы толеранттылықты сақтау бағытында қызмет ету үшін мемлекет болашағы – жастардың саналы да, сауатты азаматтар ретінде қалыптастыру бірден-бір маңызды сала болып табылады. Оған қоса діни лексемалардың діни стиль аясында функционалды стильге ауысу үдерісінің орын алу себептері мен оның салдарына қатысты туындайтын мәселелерді қарастыру өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Осы ретте «діни дискурсты зерттеу барысында ғалымдар қалыптастырған әртүрлі көзқарастар әлеуметтік маңызы зор дін аясында адамның сөйлеу әрекетін тіл шеңберінде зерделейтін теолингвистика атты жаңа кешенді ғылыми пән құру идеясы ұсынылғаны» айтылуда [1].